

БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ БІЛІМДІ БАҒАЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРЫ

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университеті, Қазақстан

Кіріспе. Биологиялық білімді бақылаудың негізгі алғышарттары. Бақылаудың негізгі түрлеріне жалпылай анықтама. Биология сабақтарындағы білімді тексеру мен бағалаудың маңызды жақтары, оқушылардың білімін бағалау әдістері

Негізгі бөлім:

1. Білім беру үдерісіндегі оқушылар жетістігінің сапасын бақылау

Қорытынды бөлім:

1. Қазіргі таңда биологияны оқыту пәні қаншалықты дәрежеде қоғамды қанағаттандыра алады.

Биологиялық білімді бақылаудың негізгі алғышарттары дегеніміз – мұғалімнің оқушыларға беріп жүрген өз білімін өзін – өзі тексеруге байланысты бағыттау құралы болып табылады. Жалпы мұғалімдерге бақылау әдісін жоспарлы, айқын мақсатта жүргізу оқушылардың белгілі бір уақыт аралықтарындағы бойына жинақтаған, игерген білімдерін анықтауға зор мүмкіндігін береді. Шын мәнісінде барлық білім алушылардың мәселен; оқушылар, студенттер, ұжымының оқуда жеткен жетістіктерінің барлығын анықтауға осы бақылау әдісінің көмегі аса зор деп айтуға болады. Мектеп ордасындағы оқушылардың жеткен жетістіктері жөніндегі ақпарат ата – аналар үшін де маңызды, сол арқылы олар өз балаларының үлгерімін бақылауға қатысып, оларға оқудағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Сондай – ақ мектептерде оқытылатын барлық пәндер секілді, биология сабағының маңызды тұсы – оқушылар білімін тиянақты тексеру, бақылау әдісі болып табылады. Оқушылардың сабақ барысында игерген барлық білімдерін тексеру үдерісі көбінесе ұстаздан үлкен еңбек пен шыдамдылықты талап етеді. Және де тағы да бір айта кететін жағдай, қазіргі кездегі білім мен бұрынғы уақыттағы білімді салыстыруға болмайды. Егерде нақтылай түсіндіретін болсақ, кезінде ата – аналарымыз, ұстаздарымыз оқыған уақыттағы білім беру жүйесі неғұрлым анық, толық, түсінікті, және де шынайы бағытты талап ететін еді. Үлкендердің бізге айтқан мол тәжірибелеріне құлақ салсақ, ол кісілердің айтуы бойынша – сол уақыттағы білімді бағалау әдісі мына бір ғана әдіс бойынша жүзеге асқан. Мұғалімдер түрлі бақылау әдістерін қолданбай, тек қана бір әдісті құп көрген; ол ауызша сұрақ қойып, сол сұрақтан толық жауап алу әдісі. Осы мақсатта мұғалімдер оқушыларға әділ және тиісті бағасын беріп отырған. Ал қазір біздің уақыттағы білімді бағалау әдісі мың түрлі. Айта кететін болсақ;

- Реферат жазу

- Оқушының әр түрлі тақырыпта білімін саралаған көрнекілік яғни (слайд, презентация) жұмыстарын айтуға болады

- Түрлі пікірталастар, конференциялар, сайыстар, дебаттар

- Оқушының әр сабақ сайын дайындап әкелген жұмыстары; баяндама, жобалары

- Биология пәніне қатысты есептер шығару

- Биология сабағына арналған жұмыс дәптерлерін сабақ сайын толтырып отыру

- Тестік аралық бақылау жұмыстары

- Кесте, карточкаларды толтыру оқушының өз қалауы бойынша

- Мұғалімнің тақтаға сызған кестелерін толтыру жұмысы

- Сабақ барысында берілген тапсырмаларға ,үй жұмысы тапсырмасы ретінде түрлі бағытта шығармалар жазу немесе ойындар ұйымдастыру жұмыстарын жатқызуға болады

- Гербарийлер жинау

- Микроскоппен түрлі препараттарды қарау

- Мультимедиялық компьютерлермен жұмыс жасау

- Зертханалық жұмыстарды орындау

- Мектеп ауласына арналған оқу тәжірибелік аландарында оқушылар мұғаліммен бірге сабақтан тыс жұмыстарды бірге орындауы

Және де осыған ұқсас білім тексеру формалары қазіргі таңда кеңінен қолданылады деп айтуға болады.

Ал дәл қазіргі уақытта оқушылардың білімін бақылаудың ең көп таралған түрі ретінде - **ауызша** тексеруді айтуға болады. Яғни бұл әдіс әрбір оқушыдан өткен сабақ бойынша тапсырмаларды жекелей сұрау әдісі арқылы қолданылады. Оқушының осы сабақты түсіндіру барсында түрлі әдісті қолдануына болады. Мәселен; тақтаға кесте арқылы өз білімін көрсетуге, сызу арқылы, дәйекті мысалдарды келтіре отырып сабақ айтуына болады. Әрбір ұстаз, мұғалім білім алушыларға тек бір ғана талап қояды – оқушы әр сабақта алған білімін үнемі шыңдап, талаптанып, мұғалімнің өзіне үйреткен барлық тәжірибелерін екі есе етіп қайтару негізгі мақсат болып табылады.

Ендігі кезекте оқушылар білімін бағалау мүмкіндіктері жайлы айтатын болсақ; біз білім алушылардың мейлі оқушылар немесе студенттер болсын, олардың оқыған бағыты бойынша материалдарды қаншалықты деңгейде игерді? оны қалай бағалау керек? деген сұраққа әр түрлі нұсқалар бойынша жауап береміз. Дәл қазіргі таңда білімді бағалау әдісіне баллдық шкалалар базаға енгізілуде, бұл бір жағынан қуантса, ал екінші жағынан ойландыратын тұстары да жетерлік. Білім алушыларды адал бағалау - олардың оқуға білімге деген ынта жігерлеріне бағытталған мақсатына байланысты. Тек қана биология пәні ғана емес, сонымен қатар басқа да пәндерді бағалау әдісі шынайы , әрі әділ бағалануы тиіс. Жоғары да айта кеткендей, білім бағалаудың түрлері жылдан жылға өзгеріске ұшырап отырады. Бағалау барысында мұғалім білім алушылардың қабілетін, сабақты қалай игергендігін анықтай алады, және де өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп отырады. Мұғалім дұрыс бағалай отырып, (оқушылардың немесе студенттердің) оқулары, табысы, ой – пікірлері, жеткен жетістіктеріне бағыт бере алады. Былайша айтқанда, баға – білім алушының өз – өзіне деген сыни бағыт болып табылады. Алайда түрлі себептерге байланысты, кейде оқушылардың оқу үлгерімі төмендеп кететін сәттер болады. Бұл жағдайда

мұғалім өзінің тек білім беруші тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар психолог екендігін де естен шығармай, білім алушыларға қолдау көрсетіп, түсіністік танытқан да дұрыс. Кейде білім алушылардан; оқу – білімге, сабаққа деген ынтанын жоқтығын байқауға болады. Бұндай жағдай орын алып жатса, мұғалім дер кезінде білім алушылардың ынта жігерін оятып, дұрыс бағыт бағдар бергені жөн. Себебі әрбір білім алушы тұлға біздің өміріміздің айнасы, біз қандай тәлім – тәрбие берсек олар үлкен өмірге сол бағытта беттейді. Біз бір нәрсені естен шығармауымыз тиіс – мектептің де мұғалімнің де бір ғана міндеті бар – ол әрбір оқушының жақсы оқуына жағдай жасау. Барынша қамқорлық танытып, мейірімді болып, білім нәрімен сусындатып, олардың жарқын болашағына жол ашу. Дұрыс бағалай білу, тіпті олардың сабақты түсінбеген күннің өзінде, шыдамдылық танытып, қосымша сабақтар жүргізіп, түсінбеген тақырыптарын талдап көмектесуі қажет. Мектеп, университеттер үлкен білім ордасы болса, ал мұғалім сол ордалардың айнасы, берік ірге тасы болып саналады. Сол себепті, білім алушылардың да білімін адал бағалай білу – ұстаздың да жеткен бірден - бір жетістігі болып есептелінеді.